

**«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы
Жуалы ауданының білім бөлімінің «Бақалы» бөбекжай-бақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны**

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау
нәтижелерін жария талқылау
ХАТТАМАСЫ**

Бақалы ауылы

20.06.2025 жыл

Өткізілген орны: Жамбыл облысы, Жуалы ауданы, Көкбастау ауылдық округі, Бақалы ауылы, Қызыл-дихан көшесі № 28А.

Қатысқандар: Ішкі талдау жүргізу жұмыс тобының құрамы, балабақшаның педагогикалық және кіші (техникалық) қызметкерлері.

КҮН ТӘРТІБІ:

1.Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы таңдамалық анықтаманы жария талқылау.

Тыңдалды: «Бақалы» бөбекжай-бақшасының» меңгерушісінің м.у.а Б.Абдикаримованың сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері туралы талдамалық анықтамасы.

Сөз сөйледі: Меңгерушісінің м.у.а Б.Абдикаримова Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚР заңының 8-бабының 5-тармағына, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығына және «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің «Бақалы» бөбекжай-бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының 2025 жылғы 14 мамырдағы №16 бұйрығына сәйкес «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің «Бақалы» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу тәртібін басшылыққа ала отырып, 2025 жылдың 16 мамыры мен 16 маусым аралығында 2024 жылға сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілетінін хабарлады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауға жататын мекеменің атауы: «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің «Бақалы» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау бағыттары:

- 1) персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды анықтау;
- 2) Мүдделер қақтығысын зерттеу;
- 3) Мемлекеттік қызметтер көрсету;
- 4) Рұқсат беру функцияларын іске асыру;
- 5) Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру;
- 6) Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу;
- 7) Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;
- 8) Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;
- 9) Талдау объектісінің ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінен туындайтын өзге де мәселелер.

Жұмыс тобы:

Құрамы 2025 жылғы 14 мамырдағы №16 бұйрығына сәйкес құрылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаумен қамтылатын кезең: 2024 жыл.

Масс-медияда сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің басталғаны туралы хабарландыру 2025 жылдың 05 мамырында, яғни сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау басталғанға дейін 10 жұмыс күні бұрын жарияланды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау күні туралы хабарландыру масс-медияда 2025 жылдың 14 маусымына, яғни сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау аяқталғанға дейін 10 жұмыс күнінен кешіктірмей жарияланды.

Анонсыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін талқылау бойынша жұртшылықты хабардар ету үшін жүргізіледі.

Іс-шара яғни сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау және жұртшылықтан кері байланыс алу үшін өткізілетінін айтты.

ШЕШІМ:

1. Жария талқылау хаттамасы масс-медияда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау аяқталғанға дейін жариялансын.

Төрайым:



Б. Абдикаримова

Хатшы:



А. Сариева

